

## **"Рауан" акционерлік қоғамының (Алматы қаласы) акцияларын дербес жоба бойынша сату туралы**

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 2 наурыздағы N 209

Қазақстан Республикасында Мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің 1993-1995 жылдарға арналған (II кезең) Ұлттық бағдарламасын, Реформаларды тереңдету және экономикалық дағдарыстан шығу жөніндегі Үкіметтің іс-қимыл бағдарламасын жүзеге асыру, отандық инвесторға жағдай жасау және кепілдікті қамтамасыз

ету мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. "Рауан" акционерлік қоғамының акцияларын сатып алу туралы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті мен "Акцепт" Қазақстан фирмасы арасында 1994 жылғы 23 тамызда жасалған шарт мақұлданын.

2.

<\*>

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ күшін жойды - ҚР Үкіметінің 1997.02.28. N 279 қаулысымен.

P970279\_

Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі